


БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім басқармасы
басшысының орынбасары» ММ
 Б.Насимуллин
«___» _____ 2025ж.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ білім берудің үздік ұйымы» облыстық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Республикалық байқау ережесі және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында өткізілетін облыстық **«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ білім берудің үздік ұйымы»** байқауының (бұдан әрі – Байқау) ережесі оның мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқау материалдарына қойылатын талаптарды, бағалау критерийлері мен қағидаттарын айқындайды;

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары: Қарағанды облысының білім басқармасы және Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы;

1.3. Байқауға қатысушылар Қарағанды облысында тіркелген мемлекеттік және жекеменшік сектордағы білім беру ұйымдары (мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер, қосымша білім беру мекемелері, колледждер) қатыса алады;

1.4. Байқауға қатысуға байланысты барлық шығындарды, соның ішінде байқау жұмыстарына дайындалу шығындарын, қатысушылар өздері өтейді;

1.5. Байқауға қатысушылардың жұмыстары ұйымдастырушылар тарапынан ашық қолжетімділікте орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

2. Байқаудың міндеттері

2.1. Қоршаған іс-шараларына қатысудың озық тәжірибелерін, жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін, озық тәжірибелерін анықтау, жалпылау және тарату;

2.2. Азаматтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық жұмысты ұйымдастыруды жақсарту;

2.3. Экологиялық саладағы проблемалық мәселелер.

3. Байқау туралы ақпарат

3.1. Бұл байқауға экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық ағартушылық дамыту қағидаттарын ілгерілету бойынша жүйелі және белсенді жұмыс жүргізетін ұйымдар қатысады.

3.2. Байқауға қатысушылары өз қызметінің нәтижелерін ұсынады, ол экологиялық жауапкершілікті және халықтың хабардарлығын арттыруға,



сондай-ақ экологиялық бағдарларын тәжірибелерді күнделікті өмірге енгізуге бағытталған.

3.3. Мүмкін болатын жұмыс бағыттарына мыналар жатады:

- Экология бойынша білім беру және үгіт насихат бағдарламаларын іске асыру;
- Экологиялық акциялар, байқаулар, фестивальдар, көрмелер және басқа да қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Табиғи аумақтарды абаттандыруға қатысу, еріктілік қызмет, экологиялық жобаларды қолдау;
- Қоршаған ортаны қорғау туралы білімді таратуға бағытталған ақпараттық науқандар мен іс шараларды өткізу;
- Ағартушылық материалдарды жасау және тарату; бейнероликтер, мақалалар, әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар контент жариялау;
- Экология және тұрақты даму мәселелері бойынша өзіндік әдістемелік, білім беру және цифрлық ресурстарды әзірлеу және пайдалану.

4. Байқауды өткізу мерзімдері мен тәртібі

Байқауға қатысуға өтінімдер 2025 жылғы 5 қарашадан 28 қараша аралығында қабылданады.

Байқауға қатысуға өтініш осы Ережеге жалғанған Қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде толтырылған өтінім, конкурстық жұмыстар және т.б. материалдар қоса беріледі.

Байқауға қатысу үшін қатысушылар (*мектепке дейінгі ұйым, мектеп, қосымша білім беру мекемесі, колледж*) конкурстық жұмысты видео форматта (1,5 минуттан аспайтын) немесе ұсынылған жұмыстың толық сипаттамасын қамтитын презентацияларды ұсынуы қажет.

Мектепке дейінгі ұйым, мектеп, қосымша білім беру мекемесі, колледж қатыса алады.

Егер жұмыстың мазмұны байқаудың жалпы тақырыбына, сондай-ақ жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмесе, байқауды ұйымдастырушылар қатысушыларды шеттетуге құқылы.

Қатысушылардың ұсынылған жұмыстары бұрын басқа байқауларда пайдаланылмауы керек. Байқауға жіберілген жұмыстарды байқау комиссиясының құрамы қарайды.

Байқау екі кезеңде өткізіледі: аудандық/қалалық және облыстық, әрі қарай республикалыққа жіберіледі. Білім басқармасы 2025 жылдың 30 қарашасына дейін Байқау облыстық кезеңінің жеңімпаздарын анықтайды.

4. Байқауды ұйымдастыру

4.1. Байқау екі кезеңде өткізіледі. I (қалалық / аудандық) және II (облыстық) кезеңдері онлайн форматта ұйымдастырылады.

5. Байқауға қойылатын талаптар

5.1. Байқаудың ұйымдастырушылары мен конкурстық комиссиясы құрылады.

5.2. Байқаудың әрбір кезеңін комиссия құрамы 5 адамнан кем болмауы тиіс.

5.3. Қысым көрсету фактілеріне жол бермеу үшін байқау комиссиясының құрамы қорытынды жасалғанға дейін өзгертілмейді.

5.4. Байқау комиссиясы қатысушылардың жұмыстарын байқау шарттарына сәйкестігін тексеру жүргізеді. Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

5.5. Байқаудың екінші (облыстық) кезеңіне қатысу үшін қажетті құжаттар 2025 жылдың 28 қарашасына дейін келесі электронды поштаға қабылданады:

umc-ro@umckrg.gov.kz

6. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

Қатысушылардың жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- тақырыптың өзіндік ерекшелігі, креативтілігі және ашылуы;
- практикалық құндылық.

7. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздарды марапаттау.

7.1. Білім басқармасы байқаудың өту барысы және нәтижелері туралы ақпаратты ресми интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

7.2. Байқау нәтижелері 30 қарашаға дейін жарияланып, жеңімпаздар марапатталды.

«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»
Ұлттық байқауы туралы Ережеге
Қосымша

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ
«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»

ӨТІНІШ беруші ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

*(барлық ұяшықты толтыру міндетті, егер деректер жоқ болса, тиісті ұяшықта
себебін көрсету керек)*

Ақпарат	Мәліметтер
Ұйым атауы	
Қызмет түрі (мектепке дейінгі ұйым, мектеп, қосымша білім беру мекемесі, колледж)	
Облыс /қала/ауыл	
Ұйым басшысының толық Т.А.Ә. және телефон нөмірі	
Ұйым педагогының толық Т.А.Ә. және телефон нөмірі	
Электронды пошта	
Жобаның қысқаша сипаттамасы (3-4 сөйлем)	